

8 маусым,
Сәрсенбі,
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

Ойыл

ПРЕЗИДЕНТТИҢ РЕФЕРЕНДУМ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖАСАҒАН ҮНДЕУІ



Құрметті отандар!

Кеше елімізде айрықша мәні бар тарихи оқиға болды. Мемлекетіміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Ата заңымызға ұсынылған өзгерістерді азаматтардың басым көпшілігі қолдады. Референдум жоғары деңгейде өтті. Мұны халықаралық және отандық байқаушылар да айтып жатыр. Конституциялық реформалар қоғамда қызу талқыланды. Дауыс беру барысы демократия талаптарына сай өтті. Ешқандай мәжбүрлік болған жоқ. Референдум нәтижесі саяси жаңғырудың анық символына айналды. Азаматтарымыз зор жауапкершілік танытып және отансүйшілік қасиетін паш етті. Біз Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы бірлігіміз бекем екенін көрсеттік. Конституциялық түзетулер мемлекеттігіміздің тұрғынамасын түбегейлі өзгертті. Бүкіл қоғамның дамуына тың сөріп берді. Референдумға белсене қатысып, қолдау білдірген барша халқымызға зор ризашылығымыз білдіремін. Сондай-ақ, конституциялық өзгерістердегі мән-маңызын түсіндіруге атсалысқан азаматтарға, түрлі қоғамдық ұйымдарға алғыс айтамын.

Референдум еліміздің тарихындағы маңызды белес болды. Ұлттық дамуымыздың шыншай өзгерістерге деген дайындығы мен ұйымшылдығын көрсетті. Дауыс беруге азаматтарымыздың белсенді қатысуы қоғамымыздың кемелдігі мен жауапкершілігін білдіреді. Сайлау учаскесіне келіп, елімізді жаңғырту бастамасын қолдағандардың бөріне алғыс айтамын. Сіздер нағыз патриотизмнің үлгісін көрсетіп, Қазақстанның дәйекті дамуына зор үлес қостыңыздар. Еліміз үшін осы бетбұрысты сөтте заңды құқықтарын пайдаланып, өздерінің ұстанымдарын айтқан бүкіл азаматқа ризашылығымыз білдіремін. Ата заңға өзгерістер енгізу реформаларымыздың соңғы сатысын емес, енді басталғанын білдіреді. Біз елімізді жан-жақты жаңғыртуды жалғастырамыз. Жаңартылған Конституция негізінде биліктің барлық институты қызметінің мейлінше тиімді моделін қалыптастырамыз. Олардың арасындағы үйлесім мен тепе-теңдік механизмі нығайтамыз. Дәйекті саяси жаңғырту ұлттық экономиканы дамытуға, ұлттық кәсіпкерлікті нығайтуға ықпал етеді. Енді біздің алдымызда ашық өрі еділетті экономика құрып, заңнамаға реформа жүргізу міндеті тұр. Қолдан жасалған монополияларды түбегейлі жойып, сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою маңызды. Біз кәсіпкерлердің бастамаларына қолдау көрсетіп, жекеменшікті сақтап, бәсекелестікті күшейтіміз керек. Алдымызда экономиканы

шынайы ертарандандыру бойынша ауқымды жұмыстар тұр. Жоғары өнімді ауыл шаруашылығы мен қуатты көлік-логистика жүйесін дамыту, барлық салада цифрлық экоекүйе қалыптастыру үшін шаралар қабылдау қажет. Еліміздің орнықты дамуының негізгі қозғаушы күші еңбек, білім және азаматтық белсенділік болуға тиіс. Тек сонда ғана өзін-өзі қамтамасыз ететін орта тап пен тиімді экономика қалыптастыра аламыз. Бұндай экономика кірісті өділетті бөлуге, сапалы жұмыс орын ашуға, тұрмыс сапасын тұрақты арттыруға және барлық азаматтардың толыққанды жетілуіне мүмкіндік береді. Мемлекеттік аппаратты жаңғыртып, бюрократиядан барынша арылту үшін жүйелі жұмыс жасағанды. Біз қоғамның барлық өкілдерінің талап-тілектеріне жауап беретін озық мемлекет құруымыз керек. Басқару жүйесінің тиімділігі жұмыстың барысымен емес, түпкі нәтижемен өлшенетін болады. Мемлекеттік аппарат бизнеспен, үкіметтік емес ұйымдармен және азаматтармен тығыз жұмыс істеуге баса назар аударуға тиіс. Сол арқылы ел мүддесіне сай тиімді шешімдер қабылданып, халыққа көрсетілетін қызмет сапасы жақсара түседі. Мемлекеттік қызметкерлер барынша ашық жұмыс жүргізіп, халыққа шынайы есеп беруі керек. Мемлекеттік қызмет дегеніміз – жеке басты бақ-дәулетін арттыратын жер емес. Бұл – туған халқыңның алдында айрықша жауапкершілік арқауы деген сөз. Конституциялық реформа бүкіл құқық саласын жаңғыртуға жол ашады. Парламент пен Үкімет Конституцияға енгізілген өзгерістерге сай Заңнамаға тиісті өзгертулер енгізуі қажет. Қазақстанда тиімді құқық қорғау және сот жүйесін құруға мүмкіндік беретін реформалар әзірленуі тиіс. Мұны өлемдік тәжірибені ескере отырып жүзеге асырған жөн. Біз қоғамның және бизнес өкілдерінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға сұранысы арта түскенін көріп отырмыз. Елімізге азаматтар мен кәсіпкерлерді барынша қорғайтын құқық жүйесі қажет. Заңнамада мемлекетіміздің тұрақты дамуын тежейтін ешбір кедергі қалмауға тиіс. Заман талабына сай келмейтін және күмен тұтылатын нормалардың бөрі күшін жоюға тиіс. Еліміздің экономикалық ресурстарын шағын ғана топтың қолына шоғырландырып, оларға артықшылық берген заңнаманы қайта қарау қажет. Елден жылыстатылған қаржыны және зансыз жекешелендірілген активтерді мемлекеттің иелігіне қайтару жөнінде Мекемеаралық комиссия құрылды. Бұл үшін мен арнайы Жарлыққа қол қойдым. Біз адам құқығы мен бостандығын қорғау жүйесін кешенді түрде

БАЗАР АПА БІРІНШІ ДАУЫС БЕРДІ

Еліміздің басты құжатына енгізілетін өзгерістер туралы референдумнан репортаж жүргізу үшін бүгін жұмысымыз №390 референдум учаскесінен бастадым. Алдымен мемлекеттік өңүран ойналып, одан кейін референдум учаскесінің төрағасы Мұрат Әлжанов комиссия мүшелері мен сайлаушыларды құттықтап, жұртшылықтың көзінше бюллетень салатын ашық жәшіктерді пломбалап, дауыс беру тәртібін түсіндірді.

Алғашқы болып Базар Оңайбаева апамыз дауыс берді. Демек, бұл 60 пайыздан астам көрсеткіш. Содан-ақ халықтың белсенділігін байқауға болады.



ҚАРАТАЛДЫҢ 70 ПАЙЫЗЫ ДАУЫС БЕРДІ

Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округінде орналасқан №397 сайлау учаскесі өз жұмысын бүкіл еліміздегідей жергілікті уақыт бойынша 07:00-де бастады.

Дауыс беруге алғашқылардың бірі болып зейнеткер Шекер Қауметова келді. Ал қарт кісілердің ішінде ең алғаш боп дауыс берген тыл ардагері Теңізбай Тілешов болды. «Елдің, немерелерімің баяндауы болса үшін дауыс бердім»,- деді 86 жастағы тыл ардагері. Ауылдастарының саяси науқанға бір кісідей жұмыла атсалысуын жақсылыққа балады.

Сондай-ақ бала күтімінде отырған Арайлым Сағынбекова ең алғашқы жас дауыс беруші болды. Сайлау учаскесі комиссияларының мүшелері денсаулығына байланысты үйлерінде отырған ардагерлер мен зейнеткерлердің, мүмкіндігі шектеулі жандардың да дауысын жинады. Барлық учаскедегідей мұнда да ең қарт сайлаушы, ең бірінші дауыс берген сайлаушы және ең жас дауыс берушілерге арнайы сыйлықтар табысталды.

Сондай-ақ, осы күні халықтың көңілі күнін көтеру мақсатында ауыл



өнерпаздарының концерттік бағдарламасы көпшілік назарына ұсынылды. Сайлауға бақылау жасаушы топтың айтуынша сайлау кезінде ешқандай заңға қайшы әрекет тіркелмей, қалыпты жағдайда өтті. Жалпы, ауылда дауыс беру құқығына ие 731 сайлаушының 509-ы кешкі сағат 20:00-ге дейін өз таңдауларын жасаған. Бұл сайлаушылардың 69%-ы құрайды.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл-Қаратал-Ойыл.

РЕФЕРЕНДУМНЫҢ ТОЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ШЫҒАРЫЛДЫ

ҚР Орталық референдум комиссиясы 5 маусымда өткен Қазақстан Конституциясына өзгертулер мен толықтыруларға қатысты референдум қорытындысын жария етті.

«Референдумға қатысу құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны 11 734 642 адамды құрады. Дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны 7 985 769 немесе референдумға қатысушы азаматтар санының 68,05 пайызын құрады. Осылайша референдум өтті деп есептеуге болады», - деді ҚР Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров.

Р. С. Ойыл аудандық аумақтық референдум комиссиясының төрағасы Берік Бисекенов ұсынаған мәліметке сүйенсек, Ойыл ауданы бойынша 9550 дауыс беруші болса, оның 6552-сі 5 маусым күні референдум учаскелеріне барып, өз таңдауларын жасады. Яғни, жалпы Ойыл ауданындағы дауыс берушінің 68,16 пайызы.

ӘЛІШЕРДІҢ АЛҒАШҚЫ ДАУЫС БЕРУІ



Әлішер - Ойылдағы іргелі өулет – Бақтыгереевтер отбасының бір мүшесі. 18-ге осы қыста толды. Алғаш рет дауыс беруге өзі тіркелген №391 референдум учаскесіне келіп тұрғанда кездестірдік. Арнаулы сыйлыққа ие болған жас сайлаушының біз пікірін сұрадық. - Осы қоғамның мүшесі ретінде мен мемлекетке болып жатқан өзгеріске бей-жай қарай алмаймын. Қазақстанның болашағы біздің белсенділігімізге байланысты. Еліміздің көдесіне «бір кірпіш» болып қалану үшін бүгін өз таңдауымды жасадым. Бұл «Жаңа Қазақстанды» құруға атсалысудағы алғашқы қадамым деп ойлаймын.

С.ХАМЗИН.

100-ІНШІ ДАУЫС БЕРУШІ



№392 референдум учаскесіне алғашқы 100-інші дауыс беруші болып еңбек ардагері Айдынғали Қоғабәев жұбайы Қоңыр алаимен келді. Сайлауға қатысуға жасы толғаннан бері бірде-бір сайлаудан қалып көрмегенін айтқан ағамыз, Мемлекеттің Ата Заңына енгізілетін өзгерістерді қолдайтынын жасырған жоқ.

- Уақыт ағымы туғызған қажеттілік - келешектің кепілі. Немерелерімнің болашағы үшін дауыс бердім. Заң орындалуымен құнды. Сондықтан, Заңы қуатты елдің келешегі кемел.

С.ҚОЙБАҒАРОВ.

102 ЖАСТАҒЫ САЙЛАУШЫ

Ойыл ауданы бойынша ең қарт сайлаушы – Шәмшия Аманбаева. 102 жастағы қарияның көңілі серек болғанымен қазір жүріп-тұруы қиын. Сондықтан, өзі тіркелген №389 референдум учаскесіне арнайы тапсырыс беріп, дауысты келіп алуын өтініпті.

№389 референдум учаскесінің

мүшесі Айжан Ізімбетова түс өлетінде көшпелі жәшікпен барып, қарияға конституциялық құқығын пайдалануға мүмкіндік туғызды. Өрі арнайы сыйлығын тапсырды. Екі гасырдың күесі Шәмшия апамыз «Жаңа Қазақстанның» жақсылығын шеберлерім көрсін!» - деген тілегін білдірді.



РЕФЕРЕНДУМ - БОЛАШАҒЫМЫЗДЫ АЙҚЫНДАЙДЫ

Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі республикалық референдум – еліміз үшін ас маңызды шара. Тұңғыш рет конституциялық өзгерістер халықтың тікелей қатысуымен қабылдануда. Сондықтан менде елдің әрбір азаматы секілді өзгеріс пен жаңашылдықтың бастамасы ретінде өз таңдауымды жасадым. Себебі, бүгінгі тарихи күн Қазақстанның ғана емес, келешек ұрпақтың тағдырына тікелей әсер ететін маңызды сәт. Өз басым еліміздегі тұрақтылық пен тыныштықты жоғары бағалаймын. Біз үшін ең маңыздысы - бейбітшілік, балаларымыздың болашағы үшін алаңдамай өмір сүру. Еліміздің болашағы үшін, бабаларымыздың жарқын келешегі үшін, жаңа Қазақстан үшін өз дауысымды бердім. Бүгінгі күніміздің ертеңі тарихқа айналатынына сенемін. Себебі, бұл өзгеріс біздің болашағымызды айқындайды.

Дидар ЕСЕНҒАЗИНА, Ойыл селосы.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН – ХАЛЫҚТЫҢ ТАҢДАУЫ



Заң түзеп алмай, қоғамды түзеу бекершілік екені белгілі. Жаңа Қазақстанды жаңғыртуды Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың конституциядан бастауы өділеттіліктің нышаны деп қабылдадық. Өзі айтқандай, бұл түзетулердің тарихи маңызы бар. Мемлекет басшысы өз ұсынысында «Біз Екінші Республиканы бірге құрамыз, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетеміз!» Әр азаматқа бірдей мүмкіндік беретін өділ өрі дамыған мемлекет боламыз!» деп атап өтті. Жалпы осы уақытқа дейін түрлі өзгерістер болды. «Елу жылда ел жаңа» демекші қала мен ауыл да, саясат пен мәдениетте, сол

сияқты Ата заң бұған дейін де талай рет өзгерген. Бірақ бұл өзгерістің өңі де мән де ерекше. Өйткені, Мемлекет басшысының Конституцияға өзгерістер енгізу жөніндегі референдум өткізу туралы бастамасы кеңінен талқыланды. Сондықтан халық үнімен санасқан тарихи сәтке өз басым замандастарыммен бірге арнайы дауыс бердім. 70 жыл орыстың боданында болып, 30 жыл түлеп барып болашаққа жаңаша қадам басқан өзгерістер жолына сөттілік тіледім.

Темір САҒЫНҒАЛИЕВ, Ойыл селосы.

Газетке жазылу - 2022

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы 2022 жылдың II жарты жылдығына жазылу басталды

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Занды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция) 2-19-98 (Қазпочта АҚ)

